

Білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы N 116 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.07. N 116 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.05. N 1154 , 2005.05.26. N 515 (2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.05. N 1154 қаулысымен.

2. "Қазақстан Республикасында оқушы жастарды стипендиялық және материалдық қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 маусымдағы N 920 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 24, 213-кұжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 10 желтоқсандағы
N 1903 қаулысымен
бекітілген

**Білім беру ұйымдарында оқитындардың
жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды
тағайындау мен төлеудің ережесі**

Ескерту. Тақырыбындағы және мәтіндегі "білім беру ұйымдарында оқитындардың", "білім беру ұйымдарында оқитын", "білім беру ұйымдарында оқитындар" деген сөздердің алдындағы "мемлекеттік" деген сөз алынып

тасталды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 5 қарашадағы N 1154 , тақырыбына өзгеріс енгізілді - 2005.05.26. N 515 (2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1. Жалпы ережелер

1. Білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеу ереже (бұдан әрі - ереже) " Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына с ә й к е с ә з і р л е н д і .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.26. N 515 (2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.08.12. N 1254 қ а у л ы с ы м е н .

3. Мемлекеттік білім тапсырысы (гранты) негізінде білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімдерінде, сондай-ақ кәсіптік бастауыш білім беретін мекемелерде оқитындардың мемлекеттік стипендиялар тағайындалатын және төленетін жекелеген санаттарына мыналар жатады:

1) бастауыш, орта, кәсіптік және жоғары кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарында оқитын жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар (оқушылар мен студенттер); <*>

2) орта кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарында оқитындар (оқушылар) ;

3) жоғары кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарында оқитындар (с т у д е н т т е р) ;

4) жоғары оқу орынынан кейін кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарында оқитындар (магистранттар, интерндер, аспиранттар, клиникалық ординаторлар, д о к т о р а н т т а р) ;

5) жоғарғы кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің тыңдаушылары болып табылатындар (тыңдаушылар).

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.12. N 1254 , 2004.03.05. N 286 , 2004.11.05. N 1154 қаулыларымен .

4. Ереже тағайындалуы мен төленуі Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерімен реттелетін, Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған стипендияларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындаған атаулы стипендияларды тағайындау мен төлеудің тәртібіне қолданылмайды.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.26. N 515 (2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша білім беру ұйымдарында оқытындардың мемлекеттік стипендияларының мөлшері

5. Студенттерге төленетін ай сайынғы мемлекеттік стипендияның мөлшері 6434 теңге мөлшерінде, интерндерге 11652 теңге мөлшерінде белгіленеді. <*>

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.12. N 1254 , 2004.03.05. N 286 , 2005.05.13. N 453 , 2005.05.26. N 515 (2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

6. Мемлекеттік білім гранты негізінде бірінші курсқа қабылданған барлық студенттерге және бірінші жыл оқытын магистранттарға, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бірінші курсқа қабылданған барлық оқушыларға бірінші семестрде мемлекеттік стипендия тағайындалады. <*>

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 286 қаулысымен .

7. Білім беру тапсырысы немесе гранты негізінде білім беру ұйымдарына қабылданған студенттерге, магистранттар мен оқушыларға келесі семестрлерге стипендия алдыңғы семестр үшін емтихандық сессияның қорытындысы бойынша тағайындалады және төленеді. <*>

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 286 , 2004.11.05. N 1154 қаулыларымен .

8. Магистранттарға мемлекеттік стипендия мөлшері студенттердің мемлекеттік стипендиясы деңгейінде белгіленеді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.13. N 453 қаулысымен .

9. Тыңдаушыларға мемлекеттік стипендия мөлшері студенттердің мемлекеттік стипендиясы мөлшерінің 85 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

10. Мемлекеттік тапсырыс негізінде оқытын оқушыларға мемлекеттік стипендия студенттердің мемлекеттік стипендиясының 80 пайызы мөлшерінде белгіленеді .

11. Мемлекеттік тапсырыс негізінде оқытын клиникалық ординаторларға және денсаулық сақтау магистранттарына мемлекеттік стипендия мөлшері мемлекеттік медициналық ұйымның екінші біліктілік санатындағы дәрігердің мамандығы бойынша 3 жылдан 5 жылға дейінгі жұмыс стажымен лауазымдық жалақысы деңгейінде белгіленеді. <*>

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.05.21. N 473 , 2005.05.26. N 515 (2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен .

12. Мемлекеттік тапсырыс негізінде оқытын аспиранттарға ай сайынғы мемлекеттік стипендия мөлшері мемлекеттік ғылыми ұйымның мамандығы

бойынша 1 жылға дейінгі жұмыс стажы бар кіші ғылыми қызметкерінің лауазымдық жалақысы деңгейінде белгіленеді.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 12 шілдедегі N 770 қаулысымен.

13. Мемлекеттік тапсырыс негізінде оқитын докторанттарға мемлекеттік стипендия, жоғары кәсіптік білім беретін мемлекеттік білім беру ұйымының мамандығы бойынша 9 жылдан 11 жылға дейінгі стажы бар доцентінің лауазымдық жалақысынан аспайтын, алатын лауазымдық жалақысы мөлшерінде белгіленеді.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 12 шілдедегі N 770 қаулысымен.

1 4 . < * >

Ескерту. 14-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.08.12. N 1254 қаулысымен.

3. Мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша оқитындардың жекелеген санаттарының мемлекеттік стипендияларының мөлшері

15. Мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендия осы Ережеге қосымшаға сәйкес көлемде көбейтіледі.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.26. N 515 (2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекет қамқорлығындағы студенттерге магистранттар мен оқушыларға мемлекеттік стипендия тиісінше студенттердің, магистранттар мен оқушылардың мемлекеттік стипендиясы мөлшерінің 50 (елу) пайызы мөлшерінде белгіленеді.

17. Медициналық қорытындының негізінде академиялық демалыста жүрген студенттерге магистранттар мен оқушыларға академиялық демалыс кезінде мемлекеттік стипендия студенттердің, магистранттар мен оқушылардың мемлекеттік стипендиясы мөлшерінің 50 пайызы (мүгедектерге - 75%-і) мөлшерінде белгіленеді.

Туберкулезбен ауыратын, мемлекеттік стипендия алатын адамдарға олардың уақытша еңбекке жарамсыздығы туралы денсаулық сақтау органдарының тиісті қорытындылары болған жағдайда, мемлекеттік стипендия еңбекке жарамсыздық кезеңі үшін олар ауырғанға дейін алып келген мөлшерде белгіленеді және төленеді, бірақ еңбекке жарамсыздық пайда болған күннен бастап 10 айдан аспайды.

18. Зейнетақы алатын студенттерге, магистранттарға, оқушыларға мемлекеттік стипендия жалпы негізде тағайындалады және төленеді.

4. Мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің тәртібі

19. Мемлекеттік стипендия мемлекеттік тапсырыс (грант) бойынша оқитын, білімді бақылаудың барлық нысандарын қоса алғанда, емтихандық сессияның нәтижелері бойынша "жақсы", "өте жақсы" деген бағалар алған студенттерге, магистранттарға, интерндерге емтихандық сессиядан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тағайындалады және ай сайын төленеді.

Жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары, интерндері, бастауыш және орта кәсіптік оқу орындарының оқушылары болып табылатын барлық үлгеруші (емтихандық сессияның нәтижелері бойынша қарызы немесе аралық аттестацияның нәтижелері бойынша қанағаттанарлықсыз бағасы жоқ) жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға мемлекеттік стипендия тағайындалады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.12. N 1254 қаулысымен.

20. Аспиранттарға, докторанттарға, клиникалық ординаторларға және тыңдаушыларға мемлекеттік стипендия оқудың бүкіл мерзіміне тағайындалады және ай сайын төленіп тұрады.

21. Жазғы сессияның қорытындылары бойынша мемлекеттік стипендияға ұсынылған студенттерге, магистранттар мен оқушыларға стипендия жазғы каникул кезеңі үшін несиенің ашылуына қарай екі ай үшін (шілде-тамыз) жинақталып төленеді.

22. Сынақтар мен емтихандарды жалпы белгіленген мерзімде дәлелді себептер бойынша (сырқаттану, отбасы жағдайы, табиғи зілзала) тапсыра алмаған студенттерге, магистранттарға, оқушыларға білім беру ұйымының басшылығы тапсыруға жеке уақыт белгілейді, содан кейін стипендия жалпы негізде тағайындалады.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 5 қарашадағы N 1154 қаулысымен.

23. Жалақы төленетін жұмыс орындарында және қызметтерде өндірістік практика, жаздық каникул кезеңінде, сондай-ақ жұмыс кезеңінде стипендиаттар үшін жалпы негізде стипендия алу құқығы сақталады.

24. Бір оқу орнынан басқасына, бір оқу орнының бір мамандығынан екіншісіне ауыстырылған студенттерге, магистранттар мен оқушыларға стипендия, оқу жоспарларындағы айырмашылық жойылғаннан кейін, жалпы негізде тағайындалады және төленеді.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 5 қарашадағы N 1154 қаулысымен.

25. Академиялық демалыста болу кезінде, осы Ереженің 17-тармағын

қоспағанда, мемлекеттік стипендия төленбейді. Академиялық демалыстан келген студенттерге магистранттарға, оқушыларға мемлекеттік стипендияны тағайындау мен төлеу алдағы (кезекті) сессияның қорытындылары бойынша белгіленген тәртіппен тағайындалады және төленеді. Сырқатына байланысты екінші оқу жылына қалдырылған студенттерге, магистранттарға, оқушыларға стипендия кезекті емтихандық сессияның нәтижелеріне дейін жалпы негізде тағайындалады және төленеді.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.26. N 515 (2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26. Жүктілігіне және босануына байланысты демалысы кезінде студенттерге, магистранттарға, аспиранттарға, докторанттарға және оқушыларға стипендия заңдарда белгіленген бүкіл мерзім ішінде толық мөлшерде төленеді. <*>

Академиялық демалыс кезінде жүктілігі бойынша еңбекке жарамсыздығы туралы бірыңғай үлгідегі анықтама тапсырылған кезде академиялық демалыс үзілуге және жүктілігі және босануына байланысты демалыс ресімделуі тиіс.

Студенттер, магистранттар, аспиранттар, докторанттар және оқушылар сәбиге қарауына байланысты ол 1,5 жасқа толғанға дейін академиялық демалыста болған жағдайда, стипендия төленбейді. <*>

Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.08.12. N 1254 , 2004.03.05. N 286 қаулыларымен.

5. Қорытынды ережелер

27. Мемлекеттік стипендиялар:

1) оқитындар мемлекеттік білім беру ұйымынан шығарылған жағдайда, шығарылу себебіне қарамастан;

2) оқитындар қайтыс болған жағдайда;

3) **а л ы н ы п т а с т а л д ы** ;

4) оқуды бітіргеннен кейін, оқуды бітіргені туралы бұйрық шыққан күннен б а с т а п т ө л е н б е й д і .

Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.05. N 1154 қ а у л ы с ы м е н .

28. Мемлекеттік стипендия төлеуді тоқтату білім беру ұйымы басшысының тиісті бұйрығы шығуымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.05. N 1154 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
"Білім беру ұйымдарында оқитындардың
жекелеген санаттарына мемлекеттік
стипендияларды тағайындау мен
төлеудің тәртібі туралы"

1999 жылғы 10 желтоқсандағы
N 1903 қаулысымен бекітілген

ережеге қосымша

**Стипендия алуға құқығы бар мемлекеттік тапсырыс
немесе грант бойынша білім беру ұйымдарында
оқитындардың жекелеген санаттарының мемлекеттік
стипендиясына үстеменің мөлшері**

*Ескерту. Қосымшаның атауына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.05.
N 1154 , 2005.05.26. N 515 (2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа
енгізіледі) қаулысымен.*

p/c	Стипендия алушылардың тізбесі	Пайызға шаққандағы үстеменің мөлшері
1	Жоғары кәсіптік оқу орындарының зағип немесе мылқау-керең студенттеріне, магистранттарына, орта кәсіптік оқу орындарының оқушыларына Соғыс қимылдары немесе өзге де әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде, Чернобыль АЭС-дағы апат пен басқа да радиациялық апаттардың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі авариялардың, ядролық қаруды сынаудың зардабынан немесе мүгедектігі радиацияға ұшыраған ата-анасының біреуімен генетикалық байланыста болғандығынан жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болып болып қалған студенттерге, жоғары кәсіптік оқу орындарының магистранттарына, орта кәсіби оқу орындарының оқушыларына	75 50
2	Жетімдер мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, бірақ азаматтардың қарауында (қамқорлығында) жүрген балалар қатарындағы студенттерге, жоғары кәсіптік оқу орындарының магистранттарына, орта кәсіптік оқу орындарының оқушыларына	30
3	Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясы тағайындалған, алайда Қазақстан Республикасы	

Президентінің шешімдерінде стипендия мөлшері
көрсетілмеген студенттер мен жоғары кәсіптік 100
оқу орындарының магистранттарына

4 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен,
егер аталған шешімдерде стипендияның мөлшері
көрсетілмесе, аса көрнекті ғылым мен мәдениет
қайраткерлері атындағы стипендиялар алатын
студенттерге, жоғары кәсіптік оқу орындарының
магистранттарына, орта кәсіптік оқу орындарының 45
оқушыларына

5 Қазақстан Республикасы Президентінің
стипендиялары мен атаулы стипендиялар алатындардан
басқа, емтихандық сессияның нәтижелері бойынша
тек "өте жақсы" деген баға алған студенттерге,
жоғары кәсіптік оқу орындарының магистранттарына, 15
орта кәсіптік оқу орындарының оқушыларына

Е с к е р т у .

Қосымшада көзделген үстемелер стипендияның бастапқы мөлшері бойынша жүргізіледі (басқа арттырулар есепке алынусыз).